

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне кілемдер өндірісіне арналған латеске қатысты өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 20 қарашадағы № 189 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) №1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан қосалқы позиция алып тасталсын:

б) №2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына позициялар қосылсын;

в) №3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 47С ескертпесімен толықтырылсын:

"<sup>47С</sup> Кедендік құннан 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 20 қарашадағы №189 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.12.2021 дейінгі аралықта қолданылады."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Сарқиян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 20 қарашадағы  
№189 шешіміне  
№1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өлш.бірл.
4002 11 000 0		

-- латекс

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 20 қарашадағы  
№189 шешіміне  
№2 ҚОСЫМША

### Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына қосылатын ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өлш.бірл.
4002 11 000	-- латекс:	
4002 11 000 1	-- кілемдер өндірісіне арналған <sup>5)</sup>	
4002 11 000 9	--- өзгесі	

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 20 қарашадағы  
№189 шешіміне  
№3 ҚОСЫМША

### Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан пайызбен не еуромен, не АҚШ долларымен)
4002 11 000 1	-- кілемдер өндірісіне арналған <sup>5)</sup>	5 <sup>47С</sup>
4002 11 000 9	--- өзгесі	5